

**Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2004-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 сәуірдегі N 411 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 16 мамырдағы N 394 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2004-2005 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар Бағдарламада көзделген іс-шараларды уақтылы орындауды қамтамасыз етсін, 1 қаңтардан және 1 шілдеден кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне оларды іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынсын. <\*>

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.09.03. N 932 қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі 10 қаңтарға және 10 шілдеге дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынсын. <\*>

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.09.03. N 932 қаулысымен.**

4. Бағдарламаның орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Б.С. Әйтимоваға жүктелсін. <\*>

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.09.03. N 932 қаулысымен.**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң

2004 жылғы 13 сәуірдегі  
N 411 қаулысымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2004-2005 жылдарға арналған Бағдарламасы**

Астана, 2004 ж.

### **Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2004-2005 жылдарға арналған бағдарламасының паспорты**

#### **1. Бағдарламаның паспорты**

Атауы Қазақстан Республикасында Нашақорлыққа және есірткі  
бизнесіне қарсы күрестің 2004-2005 жылдарға  
арналған бағдарламасы.

Әзірлеу үшін негіздеме Қазақстан Республикасында Нашақорлыққа және есірткі  
бизнесіне қарсы күрестің 2004-2005 жылдарға  
арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903  
қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған  
бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар  
жоспарының 10.9-тармағына сәйкес әзірленді.

Негізгі әзірлеушілер Ішкі істер министрлігі, мүдделі министрліктер  
және ведомстволар, Астана, Алматы қалаларының,  
облыстардың әкімдері.

Бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасында нашақорлықтың және  
есірткі бизнесінің одан әрі таралуына қарсы тиімді  
мемлекеттік және қоғамдық іс-қимылдың толық  
ауқымды жүйесін қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері - Нашақорлықтың алдын алу, оны емдеу жүйесін  
жетілдіру және есірткіге тәуелді адамдарды оңалту  
ж ү й е с і н қ ұ р у ;  
- есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен  
прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл  
т е т і г і н ж е т і л д і р у ;  
- есірткінің заңсыз айналымы, оларды теріс

пайдалануды бақылау саласында халықаралық  
ынтымақтастықты жетілдіру;  
- есірткіге қарсы насихатты жетілдіру;  
- нашақорлықпен ауыратын адамдарды емдеудің,  
оңалту мен әлеуметтік жағдайын қалпына келтірудің  
жаңа тұжырымдамалары мен емдеу әдістерін  
практикаға кеңінен енгізу;  
- құрамында есірткі бар өсімдіктерді әр түрлі  
мақсаттағы өнеркәсіп өніміне қайта өңдеу  
технологияларының ғылыми негіздерін әзірлеу.

Қаржыландыру  
көздері

Бағдарламаны іске асыру республикалық және  
жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен,  
халықаралық ұйымдар мен донор елдердің өтеусіз  
техникалық көмегін талап етеді.

Бағдарламаны іске асыру республикалық бюджет  
қаражатынан 2004-2005 жылдарда 852 млн. 73 мың  
т е ң г е ,  
2004 жылы - 375 млн. теңге, 2005 жылы - 477 млн.  
73 мың теңге көлеміндегі қаржыландыруды талап  
е т е д і .

Бағдарламаны іске асыру жергілікті бюджеттің  
қаражатынан 2004-2005 жылдарда 513 млн. 804 мың  
теңге, 2004 жылы - 300 млн. 200 мың теңге, 2005  
жылы - 213 млн. 604 теңге көлеміндегі  
қаржыландыруды талап етеді.

Күтілетін  
нәтиже

Бағдарламаны іске асыру:  
- есірткіні теріс пайдаланатын адамдарды анықтауды  
арттыруға және олардың санын қысқартуға,  
есірткінің заңсыз кіруіне қарсы Қазақстан  
Республикасының кедендік және мемлекеттік  
шекараларын бақылауды күшейтуге;  
- есірткі құралдары, психотроптық заттар мен  
прекурсорлар прекурсорлар айналымын мемлекеттік  
бақылау жүйесін жетілдіруге;  
- есірткінің заңсыз айналымына байланысты істер  
бойынша сот ісін жүргізуді жетілдіруге;  
- есірткіге сұранысты қысқарту, есірткіге тәуелді  
адамдарды емдеу және оңалту, есірткінің заңсыз  
айналымының жолын кесу саласындағы перспективті

бағдарламаларды әзірлеу мен енгізуде техникалық көмек көрсету үшін халықаралық ұйымдар мен донор елдердің назарын аудару арқылы есірткінің заңсыз айналымын бақылау саласында тығыз халықаралық ынтымақтастыққа;

- нашақорлықпен ауыратын адамдарды алдын алуға, оларды емдеу мен оңалтуға, сондай-ақ есірткі қылмысына қарсы күрес жөніндегі құқық қорғау органдарының қызметіне шығындарды оңтайландыруға;

- нашақорлықпен ауыратын адамдарды емдеу және оңалту әдістемелерін жетілдіруге;

- жастар арасында нашақорлықтың алдын алу технологиясын және дене шынықтыру-алдын алу жұмыстарының ұйымдастырушылық-басқару модельдерін әзірлеу және байқап сынау жөніндегі өңіраралық дене шынықтыру-спорт орталықтарының, сондай-ақ есірткіні теріс пайдаланатын балалар мен жасөспірімдерге арналған оңалту орталықтарының бөлімшелерін құруға және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

- түрлі өнеркәсіп өнімдері мен медициналық препараттар алу мақсатында құрамында есірткі бар өсімдіктерді өңдеу технологиясын әзірлеуге қол

жеткізуге мүмкіндік береді.

Іске асыру мерзімі

2004-2005 жылдар

## 2. Кіріспе

Қазақстан Республикасында Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2004-2005 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 10.9-тармағына, сондай-ақ нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес Үкіметтің басым міндеті ретінде айқындалған Президенттің "Қазақстан - 2030 - Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының жақсаруы" деген Қазақстан халқына Жолдауына, "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы

іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 16 мамырдағы N 394 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған стратегиясы негізінде ( бұдан әрі - Стратегия), Елбасының 2000 жылғы 16 мамырдағы N 395 Жарлығымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 шілдедегі N 736 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бағдарламаның және Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2000-2001 және 2002-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылу нәтижелері ескеріле отырып әзірленді.

### **3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау**

Қазіргі уақытта Стратегияның 2 кезеңі іске асырылды. 1-кезең қорытындысы Қазақстан Республикасында Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2000-2001 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу мен іске асыру арқылы елде Нашақорлыққа қарсы күрес жүйесінің негізгі буындарын құру болып табылған 2000-2001 жылдарды қамтиды.

Айталық, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдар республикалық бюджеттен 2 млн. АҚШ долларына жуық сомада техника, жабдық, материалдар түрінде нақты қолдау алды.

Консультативтік-кеңесу мәртебесі болған бұрынғы Есірткіге бақылау жасау жөніндегі мемлекеттік комиссияның орнына Әділет министрлігінің құрамында Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитет мемлекеттік ведомство түрінде құрылды.

Әрбір облыста, Астана және Алматы қалаларында әкімдердің орынбасарлары басқаратын Комитетке есеп беретін нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі өңірлік комиссиялар жұмыс істей бастады, бұл жергілікті жерлерде есірткіге қарсы жұмыстарды ретке келтіруге мүмкіндік берді.

Стратегияның екінші кезеңі құрылған буындарды нығайтуға бағытталған, осы кезеңді іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 шілдедегі N 736 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2002-2003 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленді және ол аяқталу сатысында.

Білім және ғылым министрлігі Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, балалар, жасөспірімдер мен жастар арасында темекі шегудің, нашақорлықтың алдын алу бойынша көп сатылы білім беру бағдарламасын әзірледі.

Республиканың өңірлерінде наркологиялық диспансерлердің құрылымында нашақорлықтың таралуының жаңа үрдістерін ескере отырып, наркологиялық

қызметтерді жетілдіру жөніндегі жұмыстар жалғасуда, кәмелетке толмағандарды емдеу үшін тұрақты бөлімшелер құрылуда.

Ішкі істер министрлігінің Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеті Денсаулық сақтау министрлігімен, Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, есірткі картасын әзірледі, онда есірткі трафигінің бағыттары мен нашақорлыққа ұшыраған өңірлер егжей-тегжейлі көрсетілген.

Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес проблемаларына арналған мерзімді журнал шығарылды және өтеусіз негізде таратылуда.

Нашақорлықты емдеу мен оның алдын алуға мамандандырылған мемлекеттік емес мекемелермен, қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл нығаюда.

Ішкі істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Кедендік бақылау агенттігінің және Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің арнайы бөлімшелерін, кинологиялық қызметтерін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық тұрғыдан нығайту жүзеге айырылуда.

Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласына халықаралық ұйымдар мен донор елдердің қаражатын тарту жөніндегі жұмыстар жалғасуда, оның ішінде "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметі арасындағы есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға" қол қойылды.

Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің әсіресе соңғы жылдары шиеленісе түскен проблемалары Азия мен Еуропадағы жүріп жатқан әскери-саяси сипаттағы жаһандық процестерге, түрлі елдердегі қылмыстық күштердің жеке әлеуметтік проблемаларды есірткімен заңсыз сауданың, діни фанатизм мен экстремизмнің, халықаралық терроризмнің өрістеуін арандату арқылы шешуге толассыз ұмтылуына да байланысты.

Географиялық орналасуы, көлік инфрақұрылымының қарқынды дамуы, көптеген шектес мемлекеттермен шекараның "ашықтығы" және біздің мемлекетіміздің ішкі әлеуметтік-экономикалық жағдайының тұрақтылығы Қазақстанның Оңтүстік-Батыс, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен Ресейге, әрі қарай Еуропаға есірткі құралдары мен психотроптық заттардың транзиті үшін "көлік дәлізіне" айналуына ықпал етті.

Қолданылып отырған шараларға қарамастан, республикадағы есірткі ахуалы күрделі күйінде қалуда және тұрақты келеңсіз серпінмен сипатталады.

Есірткінің заңсыз айналымының көлемі мен Қазақстанда оларды теріс пайдаланудың ауқымы өсе түсуде, бұл тек халықтың денсаулығына ғана қатер тігіп қоймай, сонымен бірге экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайды, мемлекеттің жүргізіп отырған экономикалық реформаларының процесін тұрақсыздандыруға әкеп соғады.

Айталық, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат жөніндегі комитеттің деректеріне сәйкес республикада 2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша есірткі құралдары мен психотроптық заттарды теріс пайдаланатын 45505 адам профилактикалық есепте тұр, оның 1927-сі кәмелетке толмағандар және 4420-сы әйелдер. 2003 жылғы 1 қаңтарда 47241 адам осы есепте тұрды, оның 1722-сі кәмелетке толмағандар және 4700-сі әйелдер. Есірткінің жастар арасында таралуы ерекше алаңдаушылық туғызады. Балалар мен жасөспірімдер нашакорлығы ұлғайып отыр.

Жоғарыда көрсетілген статистикалық және өзге де деректерді талдау өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, тіркелген есірткі қылмыстарының саны 5,4% азайғанын (2002 жылдың 6 айында - 7226 қылмыс, 2003 жылдың 6 айында - 6837 қылмыс) көрсетеді, сату мақсатынсыз есірткіні заңсыз сатып алу мен сақтау фактілерін тіркеу жағдайы 11% төмендеді. Есірткі қылмысының азаю себептерінің бірі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 259-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстарды ашуды бағалау есебінен алып тастау болды. Мұның мақсаты құқық қорғау органдарының ұйымдасқан топтармен немесе қылмыстық қоғамдастықтармен, есірткіні өткізуге, сондай-ақ контрабандалық әкелуге байланысты есірткі қылмыстарына қарсы күресті күшейту болды.

Сонымен қатар, ағымдағы жылы өткізумен байланысты тіркелген есірткі қылмыстарының саны өткен жылмен салыстырғанда 59 фактіге көбейіп, 2441 қылмысты құрады.

Сонымен бірге есепті кезең 2002 жылдың 1 жарты жылдығымен салыстырғанда тіркелген есірткі қылмыстары мына облыстарда: Ақмола облысында 18,7%, Қарағанды облысында 14,2%, Солтүстік Қазақстан облысында 9,5% өскені байқалды.

Заңсыз айналымнан алынатын есірткі көлемінің ұлғаюы, өткізумен байланысты қылмыстардың тұрақты өсу үрдісі, осы ұлғаю себептерінің бірі Қазақстан Республикасының аумағы арқылы "ауыр" есірткілердің транзиті болып табылатынын растайды, ол тиісінше елдің ішіндегі есірткіге тәуелді адамдар санының өсуіне тікелей әсер етеді.

Есірткі рыногында жүріп жатқан қарқынды құрылымдық қайта құрудың салдарынан есірткінің дәстүрлі каннабистік тобын героин, апиын сияқты қымбат және денсаулыққа анағұрлым қауіпті есірткілер ығыстырды.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында есірткі ахуалы: есірткіге тәуелді адамдарға алдын алу, емдеу және оналту көмегінің жеткіліксіз дамуымен;

есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстар санының көбеюімен; Қазақстан аумағын "көлік дәлізі" ретінде пайдаланудың жалғасуымен, соның

салдарынан есірткінің анағұрлым қауіпті түрлерінің (героин, апиын және синтетикалық есірткілер) контрабандасы мен транзитінің ұлғаюымен; есірткіні тұтынушылар жасының төмендеуімен сипатталады.

Республикадағы есірткі уытының бетін қайтару барлық қоғамдық және мемлекеттік институттарды нақты жұмылдырғанда ғана мүмкін болмақ.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

Бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасында нашакорлықтың одан әрі таралуына қарсы тиімді мемлекеттік және қоғамдық іс-қимылдың толық ауқымды жүйесін қалыптастыру және есірткі бизнесіне қарсы күрес болып т а б ы л а д ы .

Бағдарламаның аса маңызды міндеттерінің қатарында:

- нашакорлықтың алдын алу, одан емдеу жүйесін жетілдіруді және есірткіге тәуелді адамдарды оңалту жүйесін құруды;
- есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл тетігін жетілдіруді;
- есірткінің заңсыз айналымын және оларды теріс пайдалануды бақылау саласында халықаралық ынтымақтастықты жетілдіруді;
- есірткіге қарсы насихатты жетілдіруді;
- нашакорлықпен ауыратындарды емдеу, оңалту және әлеуметтік қалпына келтірудің жаңа тұжырымдамалары мен әдістерін практикаға кеңінен енгізуді;
- құрамында есірткі бар өсімдіктерді түрлі мақсаттағы өнеркәсіп өнімдерге қайта өңдеу технологиясының ғылыми негіздерін әзірлеуді атап көрсеткен жөн.

#### **5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері**

Осы Бағдарламаны іске асыру мыналарға:

есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы, олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласында мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, мемлекеттік саясат пен стратегияны әзірлеуге және іске асыруға; республикалық және өңірлік деңгейде әрі БАҚ арқылы есірткіге қарсы іс-шараларды жүргізу жолымен қоғамдық иммунитетті қалыптастыруға;

мемлекеттік бақылауды күшейту жолымен жүзеге асырылатын есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымын бақылаудың тиімділігін көтеруге, есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымына байланысты қызметті лицензиялау жүйесін жетілдіруге; осы саладағы заңнаманың қолданылуын қадағалауды күшейтуге;



есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес пен нашақорлықтан емдеуді тиімді ұйымдастыру үшін қажетті техника мен жабдықтарды сатып алу жолымен нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күреске тартылған мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық кадрлық тұрғыдан нығайтуға;

нашақорлықпен уытқұмарлықпен ауыратындарға медициналық-әлеуметтік көмек ұйымдастыруды нығайтуға; оны көрсету кезінде оңалту бағдарламаларын, алдын алу бағдарламаларын әзірлеу мен енгізу, қалаларда, облыстарда "сенім телефондарын" құру және жұмысын ұйымдастыру жолымен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдікті қамтамасыз етуге және т.б.;

есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы, олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласында тиімді халықаралық ынтымақтастық орнатуға;

ақпарат, тәжірибе және есірткі бизнесіне қарсы күресу әдістерін алмасу үшін ғылыми-практикалық конференциялар, кездесулер өткізуге;

заңнаманы қолдану практикасын талдау және қорыту жолымен есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы заңнаманы жетілдіру;

есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласында қызметін жүзеге асыратын мамандарды, сондай-ақ есірткі құралдары мен психотроптық заттарды қолданатын және қолдануға бейім адамдардың алдын алу, оларды емдеу мен әлеуметтік оңалтуды ұйымдастыру саласындағы мамандарды оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыруға;

есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы, олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласында, сондай-ақ құрамында есірткі бар өсімдіктерді өнеркәсіп шикізаты ретінде қолдану саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге.

Қазақстан Республикасындағы есірткі ахуалының жай-күйі мен даму үрдісін талдау, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласындағы стратегиялар мен бағдарламаларды іске асыру барысы туралы ақпараттық-талдау материалдарын дайындауға бағытталған.

## **6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері**

Осы Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат есебінен және соның шегінде және заңнамада тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

Бағдарламаны іске асыру республикалық бюджет қаражатынан 2004 жылы -

375 млн. теңге, 2005 жылы - 477 млн, 73 мың теңге қаржыландыруды қажет етеді

Бағдарламаны іске асыру жергілікті бюджет қаражатынан: 2004 жылы - 300 млн. 200 мың теңге, 2005 жылы - 213 мың 604 теңге қаржыландыруды қажет етеді.

## **7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже**

Бағдарламаны іске асыру:

есірткіні теріс пайдаланатын адамдарды анықтауды ұлғайтуға және олардың санын қысқартуға, есірткінің заңсыз кіруіне қарсы Қазақстан Республикасының кеден және мемлекеттік шекараларын бақылауды күшейтуге, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіруге;

есірткінің заңсыз айналымына байланысты істер бойынша сот ісін жүргізуді жетілдіруге;

нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күреске тартылған мүдделі органдарды ұйымдастырушылық, қажырлық және материалдық-техникалық нығайту жолымен олардың қызметтерін жетілдіруге;

есірткіге сұранысты қысқарту, есірткіге тәуелді адамдарды емдеу және оңалту, есірткінің заңсыз айналымының жолын кесу мақсатында қаржылық және техникалық көмек көрсетуі үшін халықаралық ұйымдар мен донор елдердің назарын аударту жолымен халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға;

нашақорлықпен ауыратын адамдарды алдын алуға, емдеуге және оңалтуға, сондай-ақ есірткі қылмысына қарсы күрес жөніндегі құқық қорғау органдарының қызметіне кететін шығындарды оңтайландыруға;

нашақорлықпен ауыратын адамдарды емдеу және оңалту әдістерін жетілдіруге;

жастар арасында нашақорлықтың алдын алу технологиясын және дене шынықтыру-алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру-басқару модельдерін әзірлеу және байқап сынау жөніндегі өңіраралық дене шынықтыру-спорт орталықтарының, сондай-ақ есірткіні теріс пайдаланатын балалар мен жасөспірімдерге арналған оңалту орталықтарын құруға және жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

түрлі өнеркәсіп өнімдері мен медициналық препараттар алу мақсатында құрамында есірткі бар өсімдіктерді өңдеу технологиясын әзірлеуге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

**8. Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2004-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар  
ЖОСПАРЫ**

**Ескерту. Жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.09.03. N 932 қаулысымен .**

Р/с N	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындалуына (іске асырылуы. на) жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5

**1. Мемлекеттік органдармен бірге есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың (бұдан әрі - ЕПП) заңсыз айналымы саласындағы мемлекеттік саясат пен стратегияларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу**

1	Мынадай: 1.1. Қазақстан Республикасы Президентінің	Үкіметке ұсыныс "Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006-2014 жылдарға арналған стратегия. сын бекіту туралы" Жарлығының әзірлеу	ІМ, министрліктер	2004 ж. желтоқсан мен ведомстволар
	туралы;			
	1.2. Нашақорлыққа және есірткі бизнесі. не қарсы күрестің	Үкіметке ұсыныс 2006-2008 арналған	ІМ, министрліктер	2005 ж. ақпан мен ведомстволар жылдарға бағдарлама.
	сын әзірлеу туралы;			

2 Мыналарды: Мемлекеттік ИМ, БҒМ, 2004-2005  
2.1. Есірткіге қарсы органдар ЭСЖҚА, ДСМ, ж.ж.  
қоғамдық иммунитетті басшыларының КБА,  
қалыптастыру мақса. бұйрықтары, Қорғанысмині,  
тында ақпараттық, БАҚ-та ҰҚК (келісім  
насихат және кеңес жариялау, бойынша),  
беру жұмыстарын көрнекі үгіт ТурСА,  
жүргізу құралдарын Ақпаратмині,  
пайдалану, Мәдениетмині,  
әдістемелік Астана, Алматы  
ұсынымдарды қалаларының,  
әзірлеу және Атырау, Батыс  
шығару, дөңге. Қазақстан,  
лек үстелдер, Шығыс  
семинарлар, Қазақстан,  
спорттық- Қарағанды,  
бұқаралық іс- Қостанай,  
шаралар, Маңғыстау,  
шығармашылық Ақтөбе,  
конкурстар Оңтүстік  
Қ а з а қ с т а н  
о б л ы с т а р ы н ы ң

әкімдері

2.2. Республикалық Мемлекеттік ИМ, БҒМ, 2004-2005  
және жергілікті органдар ЭСЖҚА, ДСМ, ж.ж.  
деңгейде халықаралық басшыларының КБА,  
есірткіге қарсы бұйрықтары, Қорғанысмині,  
күрес күніне арналған БАҚ-та ҰҚК (келісім  
(26 маусым) толық жариялау, бойынша),  
ауқымды акциялар көрнекі үгіт ТурСА,  
өткізуді; құралдарын Ақпаратмині,  
пайдалану, Астана, Алматы

2.3. Азаматтарды әдістемелік қалаларының,  
есірткіге қарсы ұсынымдарды Атырау Батыс  
заңнаманы, нашақорлық әзірлеу және Қазақстан,  
қа және есірткі шығару, дөңге. Шығыс  
бизнесіне қарсы күрес лек үстелдер, Қазақстан,  
жөніндегі мемлекеттік семинарлар, Қарағанды,  
органдар қабылдаған спорттық-бұқа. Қостанай,

шараларды сақтау қажеттігі туралы ақпараттандыру;

ралық іс-шара. Маңғыстау, лар, шығарма. Ақтөбе, шылық конкурс. Оңтүстік

т а р

Қ а з а қ с т а н  
о б л ы с т а р ы н ы ң

әкімдері

2.4. Спорттық- Мемлекеттік ІІМ, БҒМ, 2004-2005  
бұқаралық және органдар ЭСЖҚА, ДСМ, ж.ж.  
туристік іс-шаралар. басшыларының КБА,  
ды ұйымдастыруды бұйрықтары, Қорғанысмині,  
жүргізу БАҚ-та ҰҚК (келісім

жариялау, бойынша),  
көрнекі үгіт ТурСА,  
құралдарын Ақпаратмині,  
пайдалану, Мәдениетмині,  
әдістемелік Астана, Алматы  
ұсынымдарды қалаларының,  
әзірлеу және Атырау Батыс  
шығару, дөңге. Қазақстан,  
лек үстелдер, Шығыс  
семинарлар, Қазақстан,  
спорттық-бұқа. Қарағанды,  
ралық іс-шара. Қостанай,  
лар, шығарма. Маңғыстау,  
шылық конкурс. Ақтөбе,  
т а р О ң т ү с т і к

Қ а з а қ с т а н  
о б л ы с т а р ы н ы ң

әкімдері

2.5. Есірткіге Мемлекеттік ІІМ, БҒМ, 2004-2005  
тәуелді балалар мен органдар ЭСЖҚА, ДСМ, ж.ж.  
жастарды сауықтыру басшыларының КБА,  
және оңалту жөнін. бұйрықтары, Қорғанысмині,  
дегі бағдарламаларды БАҚ-та ҰҚК (келісім

іріктеу жөнінде жариялау, бойынша),  
мамандырылған көрнекі үгіт ТурСА,  
үкіметтік емес құралдарын Мәдениетмині,  
мекемелер арасында пайдалану, Астана, Алматы  
конкурс ұйымдастыру әдістемелік қалаларының,

ұсынымдарды Атырау Батыс  
әзірлеу және Қазақстан,  
шығару, дөңге. Шығыс  
лек үстелдер, Қазақстан,  
семинарлар, Қарағанды,  
спорттық-бұқа. Қостанай,  
ралық іс-шара. Маңғыстау,  
лар, шығарма. Ақтөбе,  
шылық конкурс. Оңтүстік  
тар Қазақстан  
облыстарының

әкімдері

2.6. Жастардың бос Мемлекеттік ИМ, БҒМ,  
уақытын мазмұнды органдар ЭСЖҚА, ДСМ,  
ұйымдастыру жөнінде басшыларының КБА,  
семинар-тренинг бұйрықтары, Қорғанысмині,  
өткізу жөніндегі іс- БАҚ-та ҰҚК (келісім  
шаралар өткізу жариялау, бойынша),  
көрнекі үгіт ТурСА,  
құралдарын Мәдениетмині,  
пайдалану, Астана, Алматы  
әдістемелік қалаларының,  
ұсынымдарды Атырау Батыс  
әзірлеу және Қазақстан,  
шығару, дөңге. Шығыс  
лек үстелдер, Қазақстан,  
семинарлар, Қарағанды,  
спорттық-бұқа. Қостанай,  
ралық іс-шара. Маңғыстау,  
лар, шығарма. Ақтөбе,  
шылық конкурс. Оңтүстік  
тар Қазақстан  
облыстарының

әкімдері

3 Нашәқорлыққа және Журнал ИМ, ЭСЖҚА, Тоқсан  
есірткі бизнесіне шығару КБА, ТурСА, сайын  
қарсы күрес ДСМ, БҒМ, СІМ,  
проблемаларына ҚҚА, БП  
арналған мерзімді (келісім

- журнал шығаруды жалғастыру бойынша), ҰҚК ШК (келісім бойынша)
- 4 Республика аумағында Үкіметке "Допинг", "Көкнәр", "Канал", "Арна", "Жасөспірім" және т.б. арнайы жедел-алдын алу операциялары өткізу практика.
- ИМ, БҒМ, КБА, 2004-2005 ж.ж. Астана, Алматы қалаларының, желтоқсан Маңғыстау, Қостанай облыстарының әкімдері
- сын жалғастыру
- 5 Мыналарды:
- 5.1. Шу алқабында Үкіметке есірткіге қарсы ақпарат қызмет бойынша іс-шаралар өткізуді: - құрамында есірткі бар таралу анықтауды, ошақтарын қарасораның аймағын оның жоюды
- АШМ 2004-2005 ж.ж. Қоршаған орта. міні, ИМ, желтоқсан Жамбыл, Алматы облыстарының әкімдері
- жалғастыруды
- 5.2. Құрамында есірткі бар өсімдіктерді жоюдың экологиялық қауіпсіз әдістерін жасау жөніндегі зерттеу нәтижелерін
- Құрамында есірткі бар өсімдіктерді жою әдістемесі ғылыми-жұмыстарының талдауды
- ИМ, АШМ, БҒМ 2005 ж. ақпан
- және енгізуді;
- 5.3. Қарасораны қайта өңдеу әдістемесін әзірлей отырып, оны дәрі-дәрмек өндірісінде пайдалану жөнінде ғылыми конференция
- ДСМ, БҒМ, КБА, ИМ, 2004-2005 ж.ж. ҰҚК ШК (келісім бойынша), БП (келісім бойынша) өткізуді
- ұйымдастыру.

6 Балалар, Мемлекеттік БҒМ, ТурСА, 2004-2005 жасөспірімдер және органдар Мәдениетмині, ж.ж. жастар арасында басшыларының ДСМ, ІІМ, демалыс қызметін бұйрықтары, Қоршағанорта. ұйымдастыруды әкімдердің мині, Астана, жүзеге асыру: шешімдері Алматы қалаларының, (спорт алаңдарын қалаларының, салу және қайта Қарағанды, жаңарту), конкурстар, Атырау, Ақтөбе, балалар мен жасөспі. Қызылорда рімдерге арналған облыстарының аулалық, спорттық- әкімдері

с а у ы қ т ы р у ж ә н е  
м ә д е н и - а ғ а р т у  
м е к е м е л е р і н і ң

желілері

7 Есірткіге тәуелді Үкіметке Еңбекмині, Жарты жылда адамдарды жұмысқа ақпарат Астана, Алматы 1 рет орналастыру қалаларының, мәселелері жөніндегі Қостанай, мониторингті жүзеге Шығыс Қазақстан асыру облыстарының әкімдері

К е с т е н і ң

ж а л ғ а с ы

Р/с  N	Орындалуына (іске асырылуына) жауаптылар	Болжанып отырған				Қаржыландыру көзі			
		шығыстар		шығыстар		(млн.теңге)		(млн.теңге)	
		Республика.	Жергілікті	Республика.	Жергілікті	Республика.	Жергілікті	Республика.	Жергілікті
		лық бюджет	бюджет	лық бюджет	бюджет	лық бюджет	бюджет	лық бюджет	бюджет
		2004	2005	2004	2005	2004	2005	2004	2005
		жыл	жыл	жыл	жыл	жыл	жыл	жыл	жыл

1 | 4 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13

1 | 1 . 1 . | І І М ,  
м и н и с т р л і к т е р



м е н

ведомстволар

1 . 2 . І І М ,  
министрліктер  
мен ведомств .

волар

2	ІІМ,	17,160	21,410	РБ	РБ
	2.1.БҒМ, ЭСЖҚА,	0,772	1,478	РБ	РБ
	ДСМ, КБА,	0,2	0,2	РБ	РБ

Қ о р ғ а н ы с м и н і ,  
Ұ Қ К ( к е л і с і м  
б о й ы н ш а ) ,

	ТурСА,	3,9	5,13	РБ	РБ
	Ақпаратмині,	8,217	10,240	РБ	РБ
	Мәдениетмині,	1,992		РБ	РБ

А с т а н а , А л м а т ы  
қ а л а л а р ы н ы ң ,

	Атырау,	0,842	0,842	ЖБ	ЖБ
	Батыс	1,4	1,4	ЖБ	ЖБ

Қ а з а қ с т а н ,

	Шығыс	0,454	0,454	ЖБ	ЖБ
--	-------	-------	-------	----	----

Қ а з а қ с т а н ,

	Қарағанды,		4,018		ЖБ
	Қостанай,		0,099		ЖБ
	Маңғыстау,	1,07	1,503	ЖБ	ЖБ
	Ақтөбе,	0,5	0,5	ЖБ	ЖБ
	Оңтүстік	0,633	0,633	ЖБ	ЖБ

